«ШАЛҚИЯ» КЕНТІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «АППАРАТ АКИМА ПОСЕЛКА ШАЛХИЯ»

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

«06» 11 2025 ж/г

№ 53.

Шалқия кенті

поселок Шалхия

«Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы»

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының (бұдан әрі - Заң) 16 – бабының 4, 5, 6 тармақтарына сәйкес және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 506, 507, 508 және 509 тармақтары негізінде, **ӨКІМ ЕТЕМІН**

1.Жұмыстарды сатып алу жөніндегі шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен Құттықожа ауылындағы М.Көккөзов көшесінің жер кадастрлік құжаттамаларын әзірлеу бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы» (БСН 160440007161) мекемесімен мемлекеттік сатып алу жүргізілсін.

2.Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы «Шалқия кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы С.Нысанбековке тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы болып тағайындалсын.

3. Осы өкім орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

4. Осы өкім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Шалқия кентінің әкімі м.у.а **А.Садыков**